



Бекітемін

Мектеп директоры

Тынысбекова Б.К.

«27» 08 2021 ж.

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі

«Степной ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

2021 – 2022 оқу жылының

Тәрбие жұмысы

ЖОСПАРЫ

ТҮСІНІК ХАТ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;

Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;

Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;

Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.

Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері:

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

«Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;

«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;

«Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;

Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.

Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;

Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;

Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің ролін көтеруді;

Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;

Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;

Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Степной ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің бағыттар бойынша тәрбие жұмыс жоспары

2021 – 2022 оқу жылы

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|--|---|------------------|-----------------|
| I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасы зету | | | | |
| 1 | «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы; https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400_links | Өздігінен танысу; Тәрбие жұмысының негізгі бөлімдерімен танысу; Құжаттарды электронды форматта сақтау | ТЖ орынбасарлары | Жыл бойы |
| 2 | Қазақстан Республикасының Конституциясы; https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000 | | | |
| 3 | «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл; https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518 | | | |
| 4 | «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345 | | | |
| 5 | «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы; https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214 | | | |
| 6 | «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі | | | |

| | | | | |
|----|---|--|--|--|
| | №169VI Заңы; https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000169 | | | |
| 7 | «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V09TH000166 | | | |
| 8 | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000120 | | | |
| 9 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/R1800000160 | | | |
| 10 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38925326 | | | |

| II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету | | | | |
|---|--|---|---------------|----------|
| | Kundelik.kz, Bilimland , Bilimland платформалары, Youtube каналының білім платформалары, Өрлеу білім платформасы | Аталған білім платформалар негізінде бейнероликтер жасау | ТЖ орынбасары | Жыл бойы |
| | 2021-2022 оқу жылындағы әлеуметтік желідегі тәрбие үрдісі | Бейнероликтер мен айдарларды Instagram мен Facebookке шығару | ТЖ орынбасары | Жыл бойы |
| | Сынып жетекшілер ӘБ отырысы | Нормативтік құқықтық құжаттармен танысу ҚР Білім және ғылым Министрінің №130 бұйрығы 06.04.2020 | ТЖ орынбасары | Тамыз |
| | Сынып жеткшілердің жеке кеңесі | Жұмыс бойынша ұсыныстар | ТЖ орынбасары | Жыл бойы |
| III. Іске асыру тетіктері: тәрбиенің басым бағыттары бойынша іс-шаралар | | | | |

| № | Тәрбие жұмысының атауы | Аяқтау нысаны | Жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|--|-----------------------------------|--|----------------------|
| <p>1. Бағыты: қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие</p> <p>Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.</p> | | | | |
| 1 | Білім күні «Кел, балалар, оқылық» атты 1 сыныптарға арналған салтанатты жиын. | Салтанатты жиын | Әкімшілік ТЖ орынбасары Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер | 01.09. |
| 2 | ҚР тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздіктің жетістіктері» | Сынып сағат | 2-11 сынып жетекшілері | 01.09 |
| 3 | Мектеп президентін сайлау науқаны. Мектеп президентін және министрлерді сайлау. | Сайлау науқаны | Әкімшілік ТЖ орынбасары Мектеп тәлімгері | 1-29.09 30.09 |
| 4 | Көп балалы және жағдайы төмен отбасыларының және құқық бұзуға бейім балалардың тізімін жасау. Тәрбие жұмыстарын тексеру Үйірме жұмыстарын ұйымдастыру Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысын тексеру. Сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жоспарын құру. | Ұйымдастыру жұмыстары | ТЖ орынбасары Психолог 1-11 сынып жетекшілері | 01.-16.09. |
| 5 | Құқық апталығы | Сынып сағаттары Дөңгелек үстел | ТЖ орынбасары Тәлімгер | 11-15.10 |

| | | | | |
|----|---|----------------------|---|--------|
| | | Әңгіме сұхбат | Тарих пәні мұғалімдері 5-11 сынып жетекшілері | |
| 6 | «Балалның құқығы мен міндеті» | әңгіме -сұхбат. | 1-4 сынып жетекшілері | 11.10 |
| 7 | «Қазақстанның жаңа 100 есімі» | панорамалық сабақ | 8 сынып жетекшілері | 29.10 |
| 8 | «Жас қыран» қатарына салтанатты түрде қабылдау | Салтанатты жиын | ТЖ орынбасары Тәлімгер Мектептің өзін-өзі басқару тобы | 08.11 |
| 9 | Құқық қорғау органдарының өкілдерімен заңсыз іс-әрекеттер үшін жауапкершілік туралы дәріс-әңгіме. | дәріс-әңгіме | ТЖ орынбасары | Қараша |
| 11 | «Біз құқықтық мемлекеттің азаматтарымыз» атты дәріс-әңгіме. | дәріс-әңгіме | Сынып жетекшілер | 22.11 |
| 12 | «ҚР-ның бірінші Президенті» күніне арналған сынып сағаттар | Сынып сағаттар | Сынып жетекшілер | 30.11 |
| 13 | Тұңғыш Президент күніне арналған тақырыптық қабырғалы газеттер, «Дәуір келбеті» фото-деректі көрмесін ұйымдастыру | фото-деректі көрмесі | ТЖ орынбасары Тәлімгер Мектептің өзін-өзі басқару тобы Сынып жетекшілер | 27.11 |

| | | | | |
|----|---|-------------------------------------|---|-------------|
| 14 | «Президент – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің кепілі» атты кітап көрмесін безендіру | Кітап көрмесі | Кітапханашы | 22 -27.11 |
| 15 | «Президенттің уақыт пен өзі туралы ой толғауы» - «Н.Ә. Назарбаевтың феномені», - «Нұрсұлтан: үлкен ойын», - таңдалған Ұлт Көшбасшысы туралы фильм мен бейнероликтің көрсетілімі | Фильм және бейнеролик көрсетілімі | ТЖ орынбасары АӘД мұғалімдері Информатика мұғалімдері | 30.11 |
| 16 | «Жас Ұлан» қатарына салтанатты түрде қабылдау | Салтанатты жиын | ТЖ орынбасары Тәлімгер Мектептің өін – басқару тобы | 13.12 |
| 17 | ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар | Мерекелік концерт Сынып сағаттар | ТЖ орынбасарлары Сынып жетекшілер Тәлімгерлер Тарих пәні мұғалімдері | 13.12-15.12 |
| 18 | 3 желтоқсан – Дүниежүзілік мүгедектер күні. «Қырағылық» мүмкіндігі шектеулі жандардың жетістіктері туралы әңгіме | Әңгіме | Сынып жетекшілер | 6.12 |
| 19 | Ақмола облысының киелі жерлері | Дөңгелек үстел | ТЖ орынбасары География мұғалімдері Тарих мұғалімдері | 14.01 |
| 20 | «Әлеуметтік желілердегі балаларға қатысты құқық бұзушылықтар, әрекет ету | әңгіме | ТЖ орынбасарлары | Қаңтар |

| | | | | |
|----|--|---|--|-------------|
| | жолдары» құқық қорғау органдарының өкілдерімен әңгімелесу | | | |
| 21 | Жасөспірімдер арасында антиәлеуметтік құбылыстардың алдын алу. (әлеуметтік бейнероликтерді көру) | Әлеуметтік бейнеролик көру | Психолог | Ай бойы |
| 22 | «Қазақстанның 100 жаңа есімі – қазіргі заман батырлары» панорамалық сабағы | Панорамалық сабақ | Сынып жетекшілер | 15.01 |
| 23 | «Елім үшін не істей аламын» атты эссе байқауы | Эссе байқауы | Тіл мамандары | 10.02-11.02 |
| 24 | Ауғанстаннан әскерді шығару күніне арналған «Жарияланбаған соғыс батырлары» іс-шарасы | Әңгіме | ТЖ орынбасарлары Тарих пәні мұғалімдері | 15.02 |
| 25 | «Заңды білмеу – жауапкершіліктен босатпайды» әңгімесі | Әңгіме | Құқық мұғалімдері | Ақпан |
| 26 | Инклюзивті мәдениетті қалыптастыру бойынша "Біз әр түрліміз - Біз біргеміз" сынып сағаты | Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілері | Ай бойы |
| 27 | Экскурсия «Қазақстан Ұлттық музейі» Нұр – Сұлтан қ. | Экскурсия | ТЖ орынбасарлары 5 сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару тобы | Наурыз |
| 28 | "Кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауаптылығы" әңгімесі | Әңгіме | Құқық мұғалімдері | Наурыз |
| 29 | «Патриот» айлығы | Сынып сағаттары Көрмелер Сайыстар | ТЖ орынбасары Тәлімгер АӘД ұйымдастырушы | 08.04-06.05 |

| | | | | |
|---|---|--------------------------|--|--------------------------------------|
| | | Дөңгелек үстелдер | мұғалім 1-11 сынып жетекшілері Мектептің өзін-өзі басқару тобы | |
| 30 | Чернобыль АЭС апатына арналған "Чернобыль ардагерлерімен кездесу" іс- шарасы | Кездесу | ТЖ орынбасарлары | 26.04 |
| 31 | "Қазақстанның 100 жаңа есімі - біздің заманымыздың батырлары" панорамалық сабағы | Панорамалық сабақ | 4 сынып жетекшілері | 22.04 |
| 32 | Құқық бұзушылыққа бейім балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру | Ұйымдастыру жұмыстары | ТЖ орынбасарлары Сынып жетекшілер Психолог | Ай бойы |
| <p>2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.</p> | | | | |
| 33 | «Мейірімділік – асыл қасиет» (20 минут сүйікті кітапты оқу) «Жүректі жылытар мейірімділік»(20 минут сүйікті кітапты оқу) | Сынып сағаты | 1-11 сынып жетекшілері | 13.09. |
| 34 | Сыныптарда оқу бұрыштарын құру | Ұйымдастыру жұмыстары | 1 - 11 сынып жетекшілері | Ай бойы (Жыл бойы жаңартып отыру) |
| 35 | 20 минут сүйікті кітапты оқу (сынып сағаттар шеңберінде) | Кітап оқу | Сынып жетекшілері | Ай бойы |

| | | | | |
|----|--|-----------------------|---|---------|
| 36 | «Қайырымдылық» акциясы Ұлы Отан Соғысы ардагерлеріне және қарттарға арналаған мекен – жай бойынша көмек көрсету акциясы | Көмек көрсету акциясы | Мектеп тәлімгері Мектеп өзін—өзі басқару тобы | Ай бойы |
| 37 | «Ыбырай Алтынсариннің мәңгілік мұрасы» | Дөңгелек үстел | Қазақ тілі мұғалімдері Тарих мұғалімдері | 20.10 |
| 38 | Таңдаулы кітапты 20 минут оқу (сынып сағаттары ішінде) | Кітап оқу | Сынып жетекшілер | Ай бойы |
| 39 | Халықаралық толеранттылық күні «Толеранттылық. Басқаны түсінуге және құрметтеуге үйрену». Дәріс. | Дәріс | Психолог | 10.11 |
| 40 | Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына арналған «Ұлттың ұлы тәлімгері» әдеби кеші | Әдеби кеш | Тіл мамандары | 24.11 |
| 41 | Таңдаулы кітапты 20 минут оқу (сынып сағаттары ішінде) | Кітап оқу | Сынып жетекшілері | Ай бойы |
| 42 | «Досыңыз өзін жаман сезінгенде» оқушылармен әңгімелесу | Әңгіме | Психолог | 07.12 |
| 43 | Әлем мұражайларына а виртуалды саяхат. | Виртуалды саяхат | Тарих пәні мұғалімдері Информатика мұғалімдері | 07.12 |
| 44 | Таңдаулы кітапты 20 минут оқу (сынып сағаттары ішінде) | Кітап оқу | Сынып жетекшілер | Ай бойы |
| 45 | «Зиялы мектеп» жобасы «Зиялы сынып» сайысы | Сайыс | ТЖ орынбасарлары Тіл мамандары | 28.01 |

| | | | | |
|----|---|---------------------|---|----------|
| 46 | Дина Нұрпейісованың шығармашылығына арналған кеш. «Динаның сиқырлы музыкасы» | Шығармашылық кеш | Музыка мұғалімдері | 11.01 |
| 47 | Таңдаулы кітапты 20 минут оқу (сынып сағаттары ішінде) | Кітап оқу | 1-11 сынып жетекшілері | Ай бойы |
| 48 | Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған «Жамбылдың әнші жүрегі» әдеби-музыкалық кеші | әдеби-музыкалық кеш | ТЖ орынбасарлары Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері | 28.02 |
| 49 | Мұқағали Мақатаев оқулары | Оқулары | Қазақ тілі және әдебиеті мұғалімдері | 09.02 |
| 50 | Сүйікті кітабыңызды 20 минуттық оқу (сынып сағаттары аясында) | Кітап оқу | ТЖ орынбасары Тәлімгер | 17-20.03 |
| 51 | Қоғам қайраткері және этнографтың 155 жылдығына арналған "Әлихан Бөкейханов: Аңыз адам" атты дөңгелек үстел | Дөңгелек үстел | Тарих пәні мұғалімдері | 4.03 |
| 52 | Сүйікті кітабыңызды 20 минуттық оқу (сынып сағаттары аясында) | Кітап оқу | 1-11 сынып жетекшілері | Ай бойы |
| 53 | "Оқу зиянды емес, оқымау зиянды" оқу пайдасына үгіттейтін плакаттар сайысы | Плакаттар сайысы | ТЖ орынбасарлары 5-11 сынып жетекшілер Тәлімгерлер Мектептің өзін-өзі басқару тобы | 15.04 |

| | | | | |
|---|---|-------------------------|--|-------------|
| 54 | Сүйікті кітабыңызды 20 минуттық оқу (сынып сағаттары аясында) | Кітап оқу | 1-11 сынып жетекшілер | Ай бойы |
| 55 | Соңғы "Қауіпсіз жаз" сабақтары | Дәріс сабақ | 1-11 сынып жетекшілер | 17.05-25.05 |
| 56 | Мектеп сайтында және әлеуметтік желілерде отбасылық оқудың пайдасы туралы роликтер әзірлеу және орналастыру | Бейнероликтер түсіру | ТЖ орынбасарлары Тәлімгерлер Мектептің өзін-өзі басқару тобы | Ай бойы |
| 57 | Іс-шара "Бастауыш мектеппен қоштасу" | Салтанатты жиын | ТЖ орынбасарлары 4 сынып жетекшілері | 20.05 |
| 58 | Соңғы қоңырауға арналған салтанатты жиын | Салтанатты жиын | ТЖ орынбасарлары Тәлімгерлер Мектептің өзін-өзі басқару тобы | 25.05 |
| 3. Бағыты: ұлттық тәрбие Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау. | | | | |
| 59 | «ҚР халықтарының тілдер күніне арналған апталығы | Сыныптан тыс іс-шаралар | ТЖ орынбасары Тіл мамандары | 6.09-10.09 |
| 60 | «Қазақ салт – дәстүрлерінің білгіштері» атты интеллектуалды ойын | интеллектуалды ойын | 9 сынып жетекшілері | 19.10 |
| 61 | Ұлттық валюта күніне арналған сынып сағаты Ақшаның шығу тегі «Теңгенің саяхаты» | Сынып сағаттары | Сынып жетекшілер | 15.11 |
| 62 | Қазақстан Республикасы Тұңғыш | Виртуалды экскурсия | Тарих пәні | Қараша |

| | | | | |
|----|--|---|--|----------|
| | Президентінің мұражайына виртуалды сапар | | мұғалімдері Информатика мұғалімдері | |
| 63 | ҚР Тәуелсіздік күніне орай «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» атты (өз қолдарымен жасалған нышандар) көрмесі | Көрме | Сынып жетекшілер Технология пәні мұғалімі | 14.12 |
| 64 | ҚР Тәуелсіздігіне арналған концерттік бағдарлама | Концерт | ТЖ орынбасарлары Музыка мұғалімі Тәлімгер | 15.12 |
| 65 | «Қазақстанның киелі орындары» виртуалды саяхат | виртуалды саяхат | География мұғалімі Информатика мұғалімі | 19.01 |
| 66 | "Қазақстанның Әскери-тарихи мұражайы" бойынша виртуалды экскурсия | виртуалды экскурсия | ТЖ орынбасарлары Тарих пәні мұғалімдері Информатика пәні мұғалімі | Ақпан |
| 67 | Мемлекеттік рәміздердің ең үздік білгірі "Еліміздің басты рәміздері"байқауы | Байқау | Тарих пәні мұғалімдері | 23.02 |
| 68 | Наурыз мейрамына арналған іс-шаралар апталығы. | Сынып сағаттар Сал-дәстүрлермен таныстыру іс- шаралары | ТЖ орынбасарлары Тәлімгерлер 1-11 сынып жетекшілері Мектептің өзін – өзі басқару тобы | 14-18.03 |
| 69 | Қазақстан халықтар Ассамблеясы күніне арналған іс шаралар | Сынып сағаттар Плакаттар сайысы | ТЖ орынбасары | 29-30.04 |

| | | | | |
|---|---|--------------------------------------|--|----------|
| | | Көрме | | |
| 70 | Әлеуметтік бейнероликтер көрсетілімі "Бір халық. Бір ел. Бір тағдыр | Әлеуметтік бейнероликтер көрсетілімі | 5-11 сынып жетекшілері | 17.05 |
| <p>4. Бағыты: Отбасылық тәрбие</p> <p>Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.</p> | | | | |
| 71 | 1,5,10 сынып ата - аналарының сынып жетекшілерімен танысу және отбасылардың әлеуметтік жағдайымен танысу | Танысу | 1,5,10 сынып жетекшілері Мектеп психологі | Ай бойы |
| 72 | Ата – аналар жиналысы | Жиналыс | 1-11 сынып жетекшілері | Ай бойы |
| 73 | «День Семьи» | Сынып сағаттары | 1-11 сынып жетекшілері | 10.09 |
| 74 | « Ата – әжеме құрметпен» атты ашық хаттар көрмесі | ашық хаттар көрмесі | ТЖ орынбасары 1-4 сынып жетекшілері | 1.10 |
| 75 | «Мектеп пен отбасы арасындағы қарым - қатынас пен түсініспеншілік» атты ата-аналар жиналысы 1 тоқсан қорытындысы | Мектепшілік ата-аналар жиналысы | 1-11 сынып жетекшілері Психолог | 25-29.10 |
| 76 | «Отбасылық аспаздық» Виртуалды фото, бейнекөрме | Виртуалды фото, бейнекөрме | ТЖ орынбасарлары Сынып жетекшілер | 10.11 |

| | | | | |
|----|---|-----------------------|--|----------|
| 77 | «Баланы жаман әдеттерден қалай қорғауға болады» атты ата-аналарға арналған жадынамалар | Жадынамалар тарату | ТЖ орынбасарлары Тәлімгерлері | Ай бойы |
| 78 | Оқушылар мен ата-аналардың жаңа жылдық іс-шараларға бірлесіп дайындалуы Қардан мүсіндер жасау | Қардан мүсіндер жасау | Сынып жетекшілер | 23-28.12 |
| 79 | Ата – аналардың шақырылуымен кәсіби бағдар бойынша әңгіме, дәріс. | әңгіме, дәріс | ТЖ орынбасарлары | Ай бойы |
| 80 | «Бабалар мен балалар» атты отбасылық ойын | Отбасылық ойын | ТЖ орынбасарлары Сынып жетекшілер | 21.01 |
| 81 | Суицидтің (Өз-өзіне қол жұмсау) алдын алу бойынша ата-аналарға арналған әңгімелер мен үлестірме материалдар | Әңгіме | ТЖ орынбасарлары | Ақпан |
| 82 | «Анашыма арналған гүлшоқтары» атты қолөнер сайысы | Қолөнер сайысы | ТЖ орынбасарлары 1-4 сынып жетекшілері | 3.03 |
| 83 | Мектеп тәртібін бұзған оқушылардың ата-аналарымен жеке әңгіме | Әңгіме | 4-11 сынып жетекшілері Мектеп психологі | 19-23.04 |
| 84 | Көңілді старттар (ата-аналармен), "Анам, әкем, мен – тату отбасы" | Көңілді старттар | 1-4 сынып жетекшілері | 16.05 |

5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа